
В данной статье рассматриваются значение и роль национально-культурных центров в жизни казахской и узбекской диаспор. Предназначение данных центров состоит в сохранении национально-культурных ценностей. Они непрерывно снабжают школы учебниками на государственных языках, а так же ведут работу по обмену опытом между преподавательско-профессорским составом высших учебных заведений. Кроме того, культурные центры вносят значительный вклад в функционирование телеканалов, газет и журналов, издаваемых диаспорами.

Summary

This article deals with the value and role of national and cultural centers in life of Kazakh and Uzbek diasporas. Destination of these centers consists of maintenance of national and cultural values. They continuously provide with schools textbooks on official languages, and similarly conduct work on an exchange by experience between teaching-professorial composition of higher educational establishments. In addition, cultural centers bring in a considerable contribution to functioning of the TV channels, newspapers and magazines, published by diasporas.

ҚАЗАҚ АҚЫН - ЖЫРАУЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ОЙ-ТОЛҒАУЛАР

Г.Тоқтарбаева –

Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ізденушісі

Қазақ елі сияқты бодандық бұғаудан енді ғана босанып, алдына әлемдегі өркениетті халықтар санатына қосылу мақсатын қойып отырған ұлт үшін өзінің өткенін білу, төл тарихынан тағылым алып оның сабақтарын ескеру болашақ мақсаттарға жеткізер негізгі факторлардың бірі. Осы бір тұтас ұлт өмірінің алтын дінгегі оның тұла бойындағы өзегі – оның тарихы.

Қазақ халқының тарихы ұлы-ұлы оқиғаларға толы. Әр дәуір өз заманының мәселелерін алға тартып, олардың шешімін керек етіп отырады. Мұның ішінде елдің дербестігін сақтау, туған жерді қорғау кезеңнің ең басты мәселесі болып қала береді.

Міне, сондай мәселелердің бірі байтақ дала төсінде сан ғасыр көші-қонды күндер кешкен қазақ халқы жан сезімін жырмен ағытқан, өлең ақыл мен ойдың кені, даналық сөз өнерінде деп қадірленген жүйелі сөзге жүгінген.

Өмір сырын ойға түйіп, санаға жазған дала даналары – тау өзеніндей тасқын жырлы ақпа жыраулар еді. Жыраулар халқын елдікке, ерлікке үндеген. Шын мәнінде бұқара жыршылары халықтың асыл арманы мен терең ойын бейнелеп, адамгершілік пен адамдықты туы еткен, үстем тап өкілдерін өткір сөзбен аяусыз түйреп, өмір шындығын шынайы суреттеп отырған. Бірақ олардың толғаған жалынды жырлары ауызекі айтылып, хатқа түспеген.

Дегенмен сөз асылы жыраудан-жыршыға, атадан-балаға, ұласып ғасырлар аттап біздің дәуірімізге жеткен. Сол шындықтың айқын бір куәсі осынау жинақтағы жырлар. Олардың ілуде бірі ғана болмаса, көпшілігі баспа жүзін көрмеген, халық жадында жүрген қадірлі мұралар.

Жинаққа енген шығармалардың біразы – мұрағат қазынасындағы нұсқалар. Бір қатары дала шежіресі – кәрі құлақ қариялар мен ақын, жыршылардың айтуынша 1960-71 жылдары құрастырушы жинаған мұралар.

Қазақстанда патша өкіметін отарлау саясатының күшеюі және ортаазиялық хандықтардың басшылығына қарсы халық наразылығының көрінісі ретінде ұлт-азаттық көтерісшілердің тууы заңды құбылыс еді және қазақ тарихында маңызды оқиғалардың біріне айналған ұлт-азаттық көтерілістерді бұқара санасына өшпес із қалдырғанын атап айту керек. Қазақ халқының тәуелсіздікке ұмтылуы азаттық идеясын шырдауда үлкен әсері мен ықпалы болды.

Қазақстанның Ресейге қосылу процесі ХҮІІІ ғасырдың басында бейбіт жолмен басталып, ХІХ ғасырда жаулау, басып алу үрдісіне айналды. Көне патриархалдық қатынастар шытынай сөгіліп, қазақ қауымы жаңаша құрыла бастады және орыс халқымен бір жола тағдырласты.

Қазақ халқы тарихының күрделі кезеңіне тұтас келетін Қалқаманұлы Бұхар жыраудың (1668-1781) шығармашылығы да өз заманындай қайшылықты. Өзінен бұрынғы ақындық мектептердің озық үлгілеріне негізделген жырау толғауларына бұдан былайғы тарихи кезеңдерде қазақ ақын, ойшылдары үшін де дәстүрлі тақырыпқа айналған мынадай екі өзекті байқаймыз. Олар “Ақтабан шұбырынды” оқиғасынан кейін қазақ қоғамы алдына көлденең тартылған өзекті мәселелер – отарлық тәуелділікке ұшырау қаупі алдында бүкілхалықтық бірлік үшін күрес қажеттілігі және Ресеймен қатынастың бағыт-бағдары еді. Бұл екі мәселенің алғашқысына байланысты Бұқардың ұстанған және өзі жалынды насихатшысы болған позициясы көрнекті замандастары Төле және Қаздауысты Қазбек билердің ұстанған бағытынан алшақ емес, қайта олардың ортақ игі ниеттен және тілектен туғандығы айқын байқалып отыр. Бұл тұрғыдан “обаға жығар ердің жалғыз аяқ қашпа жол” деп білген жырау қоғамдық ойда және позицияда ұлттық бірліктің алғашқы ірі жаршыларының бірі болды. Жырау өзінің тағы бір белгілі замандасы, қазақ жасақтарының қолбасшысы Бөгенбай батыр қызметін де бір рудың немесе жүздің шеңберімен шектемей, “еңбек қылған ер үшін, қазақтың абырой-арына сарып қылған бар күшін”, -деп бағалады. Бұл қазақ қоғамдық ойының сапалы жаңа сатыға, яғни ұлттық тұтастықтың маңызын өз деңгейінде бағалау және ол үшін бүкілхалықтық көлемде күресу қажеттілігінің көрінісі болатын.

Жырау шығармашылығының өз дәуіріндей күрделілігі мен қайшылығы патшалық Ресеймен қатынасты қозғайтын толғауларынан анық байқалады. Өйткені Бұқар өмір сүрген уақытта Ресей мен қазақ қоғамы арасындағы жаңа ғана басталған қатынастың жағымды жағы мен патшалық отарлау аппаратымен ілесе келген жағымсыз зиянды элементтердің араласа жүруі қоғамдық ойда да қайшылықты ағымдар туғызған – ды. Жырау толғаулары соған куә.

Ресей сияқты қуатты мемлекетпен бейбіт, жылы қатынастың берер пайдасын жақсы түсінген ойшыл, Абылай ханға Ресей ұлы жұрт, “Орыс пен соғысып, басына мұнша көтерген жұртыңа жаулық сағынба” дейді. Сонымен бірге елінің болашағын ойламайтын парасат иесі жоқ. Патшалықтың отарлау саясатын қиын-қыстау заманда ел ақылшысы дәрежесіне көтергені жыраудың көңіліне күдік салады. Мұнында табиғи құбылыс екендігін ешкім жоққа шығара алмас. Ханның өтініші бойынша Асан Қайғының “қилы – қилы заман болады, қарағай басын шортан шалады” деген астарлы афоризмінің шешімін айта келіп жырау:

*...Қарағай судан қашып,
Шөлге біткен бір дарақ.
Шортан шөлге шыдамсыз,
Балықтан шыққан бір қарақ,
Ойлама шортан ұшпас деп,
Қарағайға шықпас деп.
Күнбатыстан бір дұспан,
Ақырыда келер сол тұстан.
Майлы май жасағар ұртына,
Ел қамын жеген жақсыны
Сәлетпей ұрар ұртына /1.198 б/, -
дейді.*

Әрине, патриархалдық-феодалдық қатынастар мен идеология үстемдік құрған заманда өмір сүрген жыраудың “ел қамын жеген жақсы” деп отырғаны хан мен оның соңына ерген билеуші шонжарлар екендігі даусыз. Дегенмен жыраудың айтпақ ойы басқа, яғни отарлау саясатының негізгі мұраты саяси бостандықтан, теңдіктен айыру екендігін жеткізу болса керек. Осы мақсатта бағындырушы қолданатын саяси әдістерді де көрсеткендей еді. Жырау жауабы іс жүзінде қазақ даласына тереңдей еніп келе жатқан патшалықтың отарлау саясатына, оның қазақ қоғамы үшін тиімсіз нәтижелеріне қарсы бағытталған қоғамдық ойдағы жаңа бағыт болатын.

Ал осы Бұқар заманында отаршылдық саясат тек төбесін ғана көрсеткені болмаса, бет әлпетін әлі толық танытқан жоқ-тын. Бұқардың толғауында дөп басып, дәлелді айтудан гөрі жорамалдау, тұспалдау басым болуы да сондықтан. Дегенмен Қазақстандағы отарлау саясатының бет-бағдары осы тарихи кезеңнің өзінде-ақ анықтала бастаған-ды. Оның негізгі бағыттары – ішкі феодалдық өзара алауыздықты ұтымды пайдалана отырып, қазақ қоғамы көлемінде мемлекеттік бірліктің қалпына келуіне жол бермеу, саяси анархияны қолдау, сол арқылы қазақ қоғамын әлсірету. Тек осы қазақ қоғамын саяси әлсірету саясаты патша үкіметіне қазақ даласына кең түрде тереңдей енуге жол ашып берген еді /2, 32 б/.

Ақын атаулы халық қайғысына үн қосып, әлеуметтік шындықты тайға таңба басқандай бейнелеп, ерлік күрес шежірелерін жазды. Батырлық эпостар мен ерлікке үндеген күресшіл поэзия туын тікті. Ақындар, жыршылар халықтың намысын оятарлық жалынды сөздермен ел еңсесін көтеруге күш салды, қажыған халықты қайратқа шақырды.

Қалың бұқара көңіліндегі мұң мен нала, ыза мен кек, арман мен мұрат көркем сөз арқылы мейлінше кең өріс тапқан еді. XIX ғасырда жасаған талантты ақындардың тұтас бір тобы ел тілегінің жоқшысы, күрес күндерінің ұраншысы, күрделі, қайшылықты заман шежіресі болды /1. 10 б/.

XIX ғасыр ақындары поэзиясының ішінен ел азаттығы үшін күрес туын тіккен жауынгер поэзия – Махамбет өлеңдерін айрықша атаймыз. Күрескер ақынның шығармалары түгел дерлік пафосқа негізделіп өз дәуірінің өзекті мәселесін жырлады.

*Беркініп садақ асынбай,
Біртіндеп жауды қашырмай,
Білтелге дөп салмай,
Қорамсаққа қол салмай,
Қозы жауырын оқ алмай ...
Қанды көбік жұттықызбай,
Ерлердің ісі бітер ме?*

- деп ақын, елін, жерін қорғау ер азаматтарының ең ардақты міндетін айта білді. Қол басы Исатаймен екеуі ел азаттығы үшін жандарын құрбан етті. Кейбір ақындар өткен дәуірде жасаған тарихи адамдарды, аттары аңызға айналған атақты батырларды еске алып, солардың ерлік үлгілерін алға тартты /3. 6 б./.

Қазақ халқы Ресей патшасының отаршылдық саясатына қарсы үздіксіз күресті. Олар: Сырым Датұлының басшылығымен болған 1783 жылғы Кіші жүз шаруаларының көтерілісі, 1828-1829 жылдары болған Бөкей хандығының қозғалысы, 1836-1838 жылдары Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлының басшылығымен болған шаруалар көтерілісі. 1837-47 жылдары Кенесеры Қасымұлының басшылығымен болған қозғалыс, 1855-1858 жылдары Арал жағалауы қазақтарының отаршылдық езгіге қарсы көтерілісі, 1856 жылы Сырдарияның төменгі ағысы қазақтарының көтерілісі, 1869 жылғы Орал және Торғай облыстарындағы көтеріліс, 1870 жылы Маңғыстауда болған қозғалыс т.б. Ал, 1916 жылғы Амангелді Иманов бастаған ұлт-азаттық қозғалыс – қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы күресінің шыңы болды /4. 84 б/.

XIX ғасырда қазақ әдебиеті жаңа белеске көтерілді. Бұл дәуірдегі Махамбет Өтемісұлы (1804-1846) және Шығияз Жарылғапұлы (1817-1881) кіші жүз қазақтарының отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің жаршысы және ту көтерушісі болды, жалынды жырларымен халықты күреске үндеді. Сүйінбай Аронұлы (1827-1896), Дулат Бабатайұлы (1802-1847), Шортанбай Қанайұлы (1818-1881), Мұрат Мөңкеұлы (1843-1906) қазақ халқының өмірін ақиқатпен жырлаған ақындар болды.

XIX ғасыр мен XX ғасыр бас кезінде туған тарихи жырларға айрықша мән береді. Бұл дәуір-патшалық Ресейдің отаршылдық, қанаушылық қысымына деген халық қарсылығының күшейіп, 1905 жылғы революция мен 1916 жылғы уақиғалар дәуірі еді. Міне, мұның бәрі сол кезде туған халық шығармаларының өзіндік ерекшелігін құрайтын тың белгілер.

Патшалық Ресей империясының қазақ даласындағы дөрекі отаршылдық саясатына қарсы қазақ халқының тәуелсіздік үшін жүргізген ұлт-азаттық қозғалысы толық зерттеліп, өз бағасын алды деу әлі ертеректеу.

1. *Бес ғасыр жырлайды. (XV-XX ғасыр бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары).*-Алматы: Жазушы, 1989.-Т.1.-384 бет.

2. *Қойгелдиев М. Ұлттық саяси элита қызметі мен тағдыры (XVIII-XX ғғ.)* –Алматы: Жалын, 2004.- 400 б.

3. XIX ғасыр қазақ әдебиеті. Хрестоматия. Алматы: Ана тілі, 1992.- 224 б.
4. Тұрлығұлов Т. Қазақ елінің қысқаша тарихы.- Алматы: Рауан, 1995. - 256 б.

Резюме

В статье рассматриваются вопросы определенного жанра исторического поэтического творчества воспеания казахских акынов (поэтов) в период о неустанной борьбе казахского народа против колониальной политики царской России в Казахстане.

Summary

The article deals with the problems of poet's creative works singing in a certain genre in the relentless struggle of the Kazakh people against the colonial policy of tsarist Russia in Kazakhstan.

XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ СЕМЕЙ АЙМАҒЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қ.Болатова –

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ізденушісі

Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде Шығыс Қазақстандағы халыққа білім беру мен сауаттандыру ісі өте төмен жағдайда болды деген пікірлер кеңестік дәуірде де өріс алған еді. Әіресе бұл мәселе мұсылманша сауаттанғандар тарапына қатысты үлкен белең алды. Сауаттылар көбіне мұсылман тұрғындар арасында орысша сауаттылар атап айтқанда жазып бере алатындар діни қызметкерлер мен қазақ шенеуниктері мен феодалдардың арасында болды.

Орыс білімі Қазақстанға негізінен Қазақстанның Ресейге қосылған кезінен кейін өріс ала бастады. Қазақ даласында орыс мектептерін ашу біріншіден отарлау мақсатында болса, екіншіден патша үкіметі үшін жергілікті халықтың діні мен дәстүрін, тілін білетін адамдар қажет болды. Олар арқылы өзінің отарлау әкімшілік аппаратурасын құруды көздеп, сонымен қатар мектептер ашудың тағы бір себебі далалық облыстағы шеткері халықтар мен шаруашылық міндеттерді атқару үшін тіл мен, орыс білімін меңгерту қажеттілігі туындады. Жергілікті халықтың балалары айтарлықтай орыс білімін меңгермесе орыс әкімшілік аппараты тарапынан оларға белгілі бір қажетті міндетер үшін тапсырмалар беру мүмкіндігі де шектеулі болды /1/.

Осы жағдайларды ескере отырып, Семей қаласының әкімшілік басқару органдары уездік училище ашу жөнінде мәселені негізге алды. Бұл уездік училищені ашу үшін төменгі класты немесе прихоттық училищені қоса отырып ашу мәселесі ұсынылды /2/.

Ал бұл аталған уездік училищені Семейде ашу жөніндегі шешім 1831ж негізге алынды. Уездік училищені ашу жөніндегі рұқсат 1833ж 18 шілдеде рұқсат берілді, 1833ж 18 қыркүйегінде ашылды.

Алғашқы уездік училищенің ашылуы Семей өңіріндегі білім ордалардың ашылуының маңызды қадам болды. Бұл білім ордаларының ашылуы тек орыс тұрғындарының балалары ғана емес, қазақ тұрғындары балаларының білім алуына да тиімді қызмет атқарды. Жаңа білім беру мекемесінің ашылуы барысында қала мне округ халқы өз балаларын білім ғылым мен сусындату үшін мүмкіндік алды. Ал мұсылман қауімі училищенің ашылуы кезінде 90- аса татар, 8- ташкенттік, 90-қырғыз мешітерінде білім алып жатқан балаларын біртіндеп оыс біліміне бере бастады /2/. Училищені ашу барысында қиындық туғызған мәселелер қатарына оның қаржыландырылу мәселесі болды.